

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қарашадағы N 1204 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 11, 129-құжат) мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Лизингтік негізде ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру және сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу е р е ж е с і н д е :

тақырыбы "қамтамасыз етуге" деген сөздерден кейін "2003 жылға" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Сыйақы ставкасын өтеу 2004 жылдан бастап осы мақсаттарға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүргізіледі."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі